



## БҰЙРЫҚ

02.11.2022 ж.

Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 395

город Караганда

### «ТД КЭМ» ЖШС банкроттық басқарушысын тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы Заңының 15-бабының 1-2) тармақшасына сәйкес, «ТД КЭМ» ЖШС банкрот деп тану туралы Қарағанды облысы Мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 23 тамыздағы шешімі және 2022 жылғы 26 қазандағы кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімі негізінде,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «ТД КЭМ» ЖШС БСН 180140001928, банкроттық басқарушысы болып Гүльмира Абаевна Садыкова тағайындалсын.

2. Гүльмира Абаевна Садыковаға «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банкроттық басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы Гүльмира Абаевна Садыкова «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Канат Муратович Ахметбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

А. Мадиев